



Автор: Дусмагамбетова Динара Канатовна

Предмет: Қазақ тілі

Класс: 1-сынып

Раздел: Саяхат

Тема: Біз медеуге барамыз

Цели урока:	Барлық оқушылар: «Медеу» мұзайдынына баратынын және онда не істейтіні туралы (коньки тебемін) айта алады. Оқушылардың басым бөлігі: Қазақстанның басқа да көрікті жерлерін атай алады, тақырып көлемінде «Медеу» мұзайдыны туралы ақпарат бере алады. Кейбір оқушылар: Сабақта үйренген материалды өмірлік жағдаятта еркін қолдана алады. Қазақстанның көрікті жерлері туралы қосымша ақпарат бере алады.
Языковые цели:	Қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/ көрген мәтінді түсінгенін айтып береді.
Ожидаемый результат:	Мұз айдыны туралы ақпарат бере алады. Онда не істейтінін туралы айта алады.
Навыки использования ИКТ:	Презентация, суреттер, видеоролик
Межпредметная связь:	Дүниетану, дене шынықтыру сабағы.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	Сурет бойынша оқушыларға «Медеу» сөзінің мағынасын түсіндіреді. «Медеу» мұзайдынының еліміздегі көрікті жерлердің бірі екені туралы, сондай-ақ онда коньки тебуге болатынын, қыста тауда шаңғы тебуге болатыны туралы ақпарат береді. (МК, Ұ) 2-тапсырма арқылы оқушылар «Медеу» мұзайдыны туралы мәтінмен танысады. Мәтінді тыңдайды, қайталайды. Мәтін арқылы «Медеудің» Алматы қаласында орналасқанын, оның үлкен, әдемі екенін және онда коньки тебуге болатыны туралы біледі.	видеоролик медеу
Середина урока	Берілген сөйлемді (Ол ... тебеді.) толықтырып айту арқылы тебеді сөзін коньки, шаңғы, велосипед сөздерімен байланыстыра қолдануға көңіл бөлінеді. «Есте сақта!» айдары бойынша мұғалім тебемін сөзінің болымды, болымсыз түрде қолданылуын түсіндіреді. Оқушылар коньки сөзін шаңғы, велосипед сөздерімен алмастыра қолдануға жаттығады. (Ж) 4-тапсырмада оқушылар жұппен жұмыс істейді. Оқулықта берілген сөйлесу үлгісі тыңдалады, қайталанады. Оқушылар берілген үлгі бойынша сөйлеседі. - Сен қайда барасың? - Мен «Медеуге» барамын. - Сен не істейсің? - Мен коньки тебемін.	суреттер, үлгі карточкалар
Конец урока	Дәптердегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі. (Ө) Қосымша тапсырма арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін бекіте түседі. Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады. Сондай-ақ АКТ-ні қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.	